



Кескіндеме

Кескіндеме – бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі кемел түрі, онда бейнелеудің сан алуан құралдары қоданылады.

Кескіндеме – белгілі бір заттың бетіне бояу арқылы салынатын көркем шығармалар атауы.

Кескіндеме – шындықты бейнелеуде көрерменге тікелей әсер ететін өнер құралы.

Кескіндеме дәуірдің рухани мазмұны мен әлеуметтік бейнелеп, сонымен қатар белгілі бір идеологиялық концепциялар негізінде оларға баға береді.




```
graph TD; A[сәуле] --- B[Кескіндеменің пайдаланатын құралы]; B --- C[бояу]; B --- D[рең]
```

сәуле

Кескіндеменің
пайдаланатын
құралы

бояу

рең



Сәулені бояу рендерімен нәзік астастыру арқылы өмір құбылыстарының айқын да шынайы көріністері жасалады.

- **Бояу** - кескіндемеде түсті көрсетудің негізгі құралы
Бояу түрін құбылту - суреттің мазмұнына қарай кескіндемедегі негізгі әдіс.
Бояумен жұмыс істегенде түстерді бір – бірімен үйлестіре отырып сурет салады
- **Рең** - ақ түс пен қара түс арасындағы қатынас, яғни жарық пен көлеңке арасындағы айқын қарама – қарсылықты рең деп айтамыз. Түстердің бір – бірімен дұрыс үйлестірілген түрін түстік рең деп атаймыз. Түстік рең жылылау, суықтау, қызғылттау, көгілдір – сарылау, тағы басқа түрге бөлінеді
- **Сәуле**, яғни шағылысу(рефлекс) - бұл жарықтың бір заттың бетінен екінші заттың көлеңкелі бөлігіне шағылысып түсуі. Бір - біріне жақын тұрған заттардың өзара байланысу әсері болады.

Кескіндеме туындыларын жасауда акварель, гуашь, пастель, тушь та молынан қолданылады.

Кескіндеме – тақырып аясы кең, көп жанрлы (тұрмыс-салт көріністері, соғыс жанры, хайуанаттар тақырыбы, т.б.) өнер саласы.


Кескіндеме - арналуына, орындалу сипатына, бейнелеріне қарай
3 топқа бөлінеді.

монументті-
сәндік

қондырғылы

диорама
панорама

1) Монументтік сәндік кескіндеме - (қабырға бетіне, үйдің ішкі төбесіне (плафондар), қабырғасына (панно) салынатын суреттер)



Фреска



Фреска – әктелгенсіз қабырғаға суға езілген бояуымен салынатын сурет.

Мозайка



Мозайка – смальта мен асыл шынының түрлі түсті сынықтарынан құрастырылған сурет.

Панно



Панно – үйдің ішкі және сыртқы қабырғасын безендіру үшін қолданылатын көлемді кескіндемелік сурет.


Витраж

Витраж – терезеге салынатын шытыра сурет.
Ол француздың терезе, әйнек деген мағынадағы сөзінен шыққан.




2) Арнаулы мольбертте орындалған сурет «**қондырғылық кескіндеме**» деп аталады.

Қондырғылы кесіндеме – суреттер, яғни картиналар



Әсемдік, сәндік суреттер



Әсемдік суреттер – бұл нәзік, сыршыл келеді, әдетте белгілі бір мекенмен байланыстырылады.

Сәндік суреттер – театр, кино көріністерін, ондағы киім үлгілерін әсемдейтін суреттер

Миниатюра



Миниатюра (фр. miniature, лат. minium – бояу, сурик)
Бейнелеу өнерінде – бояуларды түсірудің өзіндік мәнері бар шағын туындылар тобы.

Алғашында гуашпен, т.б. түрлі-түсті (акварель) бояулармен қолжазба кітаптардың суреттерін, адамның аты-жөнін, кітап жиектерін көркемдеуді миниатюра деп атаған.

Миниатюра кескіндемелік және графиктік болып екі түрге бөлінеді. Кескіндемелік миниатюра түрлі бояулармен (майлы бояу, гуашь, акварель, т. б.) орындалады (кейде желімді бояумен салынады). Миниатюраның бұл түріне түрлі-түсті суреттермен көркемделген әсем қолжазба беттері жатады.

3. Диорама, панорама

Диорамалар жасанды жарықтандыруға арналған және көбінесе арнайы павильондарда орналасады. Диораманы экспозициялар залының жабдықтары мен көру платформасының құрылысы, сондай-ақ жарық және дыбыс (музыкалық және повесттік сүйемелдеу) ойнайды. Диорамалардың көпшілігі тарихи шайқастарға арналған. Мұражай практикасындағы ең кең тараған диорама - құжаттық материалды берудің айрықша тәсілі, ол шығармашылық эмоционалдылыққа негізделген.

Диорама – қанды соғыстардың қас-қағым сәттері



Панорама

Панорама (гр. pan – бүкіл және horama – көрініс) – кеңістік өнерінің бір түрі. Панорамаға әдетте дөңгелек залды ғимараттардың шеңбер немесе доға пішінді қабырғасының ішкі бетіне тұтас салынған картиналар жатады. Ол зал ортасындағы алаңнан қаралатын болғандықтан, айнала қоршаған ақиқат кеңістіктің иллюзиясын тудырады. Панорама көбіне көлемді аумақ пен көп адамды қамтитын оқиғаларды бейнелеуге қолданылады.

Панорамалар



